

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

## Фридрих Ницше: билікке құштарлық

4-тарау. Қазіргі философия



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 19. Фридрих Ницше: билікке құштарлық

Сіз қиындықтар мен бақытсыздықтарды өмірдің сыйы немесе жақсылығы деп мадақтау туралы бір сәт болса да ойландыңыз ба? Әлде өміріңіздің мақсаты – рационалды ойлау, сабырлылық, оқшаулану, мәселелер туралы пайымдау, ақылға қонымды шешімдерге келу деп ойлағанды дұрыс көресіз бе? Философиялық кітаптар даму үстіндегі ойды сипаттауы тиіс деп ойлайсыз ба? Тағы да ойланыңыз! Ницшенің еңбектері сізге ащы да қатал болып көрінуі мүмкін. Өзімен келіспейтіндерді «ақымақ» деп атай салу оған қиын емес еді. Ол сіздің идеяларыңыздың астын үстіне келтіруге дайын, бірақ ақылыңызды жаулап алуға жол бермеңіз!

Дерек Джонстон өзінің кітабының Фридрих Ницшеге арналған бөлімін «Оны байыптылықпен, бейтарап және сыни тұрғыда бағалаңыз», – деп бастайды.

## Өмірі

Фридрих Вильгельм Ницше 1844 жылы Саксонияда дүниеге келді.

Оның әкесі лютерандық пастор еді, ол кішкентай Фридрих 5 жасқа толғанда дүние салды. Болашақ философтың тәрбиесімен анасы, әжесі және немере әпкелері айналысты. Бұл шаңырақта әрдайым діни көңіл күй салтанат құрды. Жас Ницше 1854 жылдан 1858 жылға дейін жергілікті гимназияда, яғни орта мектепте, кейінірек мектеп-интернатта оқыды. Ол жастайынан грек мәдениетін сүйіп өсті; сондай-ақ музыкамен және поэзиямен әуестенді. 1864 жылы Ницше Бонн университетіне түсіп, филологияны игерді. Кейінірек Лейпциг университетіне ауысты.

Дәл осы уақытта Шопенгауэрдің және оның атеизмінің әсерімен өзін христиан деп санауды тоқтатты.

Докторлық дәрежесінің жоқтығына қарамастан, Базель университетінің философия профессоры болып тағайындалды.

Бірінші дәрісін ол 1869 жылы оқыды. Келесі жылы Франция-Пруссия соғысы басталып, бұл уақытта Ницше дала госпиталінде санитар болып қызмет етті. Біраз уақыт ол қатты ауырып жатты, бірақ кейін Базельдегі жұмысына қайта оралды. Осы кезеңде композитор Рихард Вагнермен жақындасып, оның Люцерн көлі аумағында орналасқан үйінің тұрақты қонағына айналды. Ницшенің ертеректе жазған «Беймезгіл ойлар» сияқты туындылары пікірталас тудырды және ғылыми қауымдастық оларды қабылдамады. Ол мен Вагнердің арасындағы достық біртіндеп салқындай түсті, өйткені Ницше Вагнердің шығармаларын «тым христиандық» деп санады. Ницшенің философиялық идеялары ешқашан логикалық тұрғыда жүйелі болған емес: алдыңғы еңбектерінде ол Сократтың рационалды ойлау әдісін сынға алса, кейінгілерінде Сократтың рационалды дүниетанымын және француз Ағарту дәуірі қоғамдық өмірге енгізген идеяларын мадақтады. Бірақ көптеген философтардың ойларына даму тән екенін атап өтпеуге болмайды. Ол өз философиясын метафизиканы сынаудан және моральдың материалистік негізі бар екенін тұжырымдаудан бастады. Оның пікірінше, ізгілік пен зұлымдық – әуел бастан-ақ адамның белгілі іс-әрекеттерінің қоғамдық пайдасын немесе зиянын көрсететін тәсіл. Адамдар этикалық пайымдауларға қажетті осындай негіз туралы түсініктерінен айырылып қалды. Осы сәттен бастап олар ізгілік пен зұлымдық туралы абсолютті ұғымдар ретінде ойлай бастады. 1879 жылы қабылданған тәртіпті ұнатпаған, оның үстіне денсаулығын да нашарлатып алған Ницше университет кафедрасынан кетуге мәжбүр болды. Осы сәттен бастап оның өмірі, дімкәс денсаулығына қолайлы тұрғылықты жер іздеу мақсат еткен көшпелі тірлікке айналды. Оған, әсіресе, таулар ұнайтын.

1882 жылы жарық көрген «Көңілді ғылым» еңбегінде ол христиандықты «өмірдің жауы» деп жариялады.

Кейінірек бүкіл уақыттың дүркін-дүркін қайталанатын циклдерден тұратыны туралы идеяны дамытты. Ол бұрын болғанның бәрі сөзсіз қайталанатын деп пайымдады.

Оның бүкіл әлемге арналған жолдауы сияқты болған бұл идея оған аян ретінде келді және «Заратустра осылай деген» туындысында парсылық данышпан Заратустраның өсиеттері түрінде жазылды.

Циклдердің мәңгі қайталанатыны, Асқақ адам және құндылықтарды қайта бағалау туралы идеялары баяндалған Ницшенің ең атақты кітабы дәл осы болса керек. Бұл еңбек – оның философиясының даму кезеңдерінің бірі ғана. Кітап декламациялық және көріпкелдік мәнерде жазылған.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 19. Фридрих Ницше: билікке құштарлық

1886 жылы жарияланған «Ізгілік пен зұлымдықтың арғы жағында» кітабы – Ницше ойларының байыптырақ үлгісі.

Одан кейін өзінің бұрынғы досы Вагнердің өткір сынаған шығармаларын жариялады. Соңғы еңбектері Ницшенің психикасында ауытқу бар екенін байқатты. 1889 жылы ол Базель клиникасына емдеуге жатқызылды, одан шыққан соң Веймарда әпкесімен бірге өмір сүрді. Ол нағыз танымалдылыққа ие болды, бірақ есалаң деп саналды. Ницше 1900 жылы қайтыс болды.

## Ойлары

Оның көзқарастарын көп адам «ақсүйектік анархизм» деп атады. Ол екі түрлі құндылықтар жүйесін ұстанған: бір жағынан – соғыс, қатыгездік, адамның өзін дәріптеуі; екінші жағынан – философия, поэзия және музыка. Ол өз заманындағы қоғамның саясатына, адамгершілікті және әлеуметтік тірекеріне батыл қарсы шыққан философия профессоры болды.

Ницше ұстанымдары этикалық сипатта. Ол адамда белгілі бір тұлғалық қасиеттердің болғаны дұрыс, бірақ оларға аз ғана адам ие бола алады деп санады. Оның пікірінше, көпшіліктің негізгі міндеті – азшылықтың үстемдік құруына қажетті жағдай жасау. Адамдар, оның көзқарасына сәйкес бақытқа немесе жайлы өмірге ұмтылуды көздемеуі тиіс. Нағыз ізгілік парасат та, пайда да әкелмейді: оны ұстанушылар басқалардан оқшауланып, алшақтайды, тәртіпке қарсы келеді және бағыныштыларға зиянын тигізеді. Жоғары деңгейлі тіршілік иелері бағыныштыларға қарсы соғыс жүргізуі тиіс. Ал демократиялық үрдістер – дарынсыздықты қолдау. Дегенмен Ницшенің көзқарасы жоғарыдағыларға құмарлық пен аңсардың жетегінде өмір сүруге болады деген тұжырым емес. Ол спарталық тәртіпке сенді және адам өзгенің жанын қалай ауыртса, өзі де ауруға солай төтеп беруі қажет деп пайымдады.

Оның пікірінше, жігердің қуаты – асыл қасиет. Қайғы-қасіретке бой алдыру – әлсіздік. Ол мемлекетке емес, қаһарманға сенді.

Ницше әйелдерді жек көрді. Бұл көзқарас оның ақыл-ойынан да, өмір тәжірибесінен де туындамаған. Ол христиандық әрқашан «құлдық сананы» қолдайды деп тұжырымдай отырып, христиандыққа қатысты дұшпандық көңілін айқын көрсетті. Христиандықтың ақиқаттығы немесе жалғандығы туралы пайымдауға ол ешбір қызығушылық танытқан жоқ. Оны жек көрді, өйткені христиандық адамдар арасындағы айқын айырмашылықтардың болуын жоққа шығарды. Жаңа Өсиет, Ницшенің сөзімен айтқанда – «адамдардың ең төменгі түрін» идеалдандыру. Христиандық, философияның түсінігінде, адамның жүрегін баурап, рухын жаншып, қуатын сарқып және ең соңында билікке ұмтылысын жоймақ. Мұның бәрі зиянды. Ол болашақтың адамы – бекзат адам қатыгез және рақымсыз болады, өз бауырларын құрбан етуден қорықпайды деп тұжырымдады. Оның бүкіл өмірі қатаң ережелерге бағынады, зорлық-зомбылық жасап, қулық-сұмдықты өмір мәні етеді.

## «Заратустра осылай деген»

Көптеген оқырмандар «Құдай өлді» деген лепестегі сөзді Ницшенің ең әйгілі сөзі ретінде қабылдайды. XIX ғасырда Германияның тарих сахнасындағы ықпалының артуы және ғылыми ойдың қарқынды дамуымен көптеген неміс ойшылдары дәуіріндегі өзгерістерге үмітпен қарады. Ал ол болса, өз дәуірін құндылықтар түбегейлі дағдарысқа ұшыраған аласапыран кезеңге теңеді.

«Заратустра осылай деген» еңбегінде Ницше 30 жасында шөл далаға кетіп қалған Заратустра есімді адамның тарихын баян етеді. Оған шөл даладағы өмір салты ұнағаны сонша, ол жерде ұзақ уақыт ғұмыр кешеді. Кейін жұрт ішіне қайтып келген соң «Құдайдың өлгенін» айтады. Оның тұжырымдауынша ғылымның өркендеуі адамдардың христиандық құндылықтарға мүлдем мән бермеуіне әкелді. Өркениетке ненің ізгі, ненің зұлым екенін анықтап беретін дін тарапынан болатын қуатты ықпал ендігі жерде болмайды.



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 19. Фридрих Ницше: билікке құштарлық

«Құдай өлді» сөзі осы сөздің тіке мағынасында айтылмағаны Ницшенің идеяларынан хабары бар адам үшін бұл түсінікті. Мұндағы «өлім» нақты әлемдегі бейне адам секілді өлу дегендікті көрсетпейді. Қайта, Құдай енді қайтып адамзат қоғамының этикалық өлшемі, ақырғы мақсаты болудан қалады деген мағынаны көрсетеді, яғни әңгіме Құдайға деген сенімнің өлуі жайында болып отыр. Құдайға сенімі таусылған адам үшін этикалық өлшем атаулы дағдарысқа ұшырайды, жақсылық жақсылық секілді адамды тамсандырмайды, жамандық жамандық ретінде адамды ызаландырмайды, «бір адам христиан діні сенімінен бас тартқан кезде ол христиандық этика атаулыдан да бас тартуға тиіс». Ницшенің пікірінше, христиандық сенімнің күйреуіне ілесе оның бүкіл сенімі де күйрейді. Адам қолында ештеңе қалмауы мүмкін. Құдайға сенім ақырласқан кезде бүкіл сенімінің қалыбы, бүкіл абсолютті этикасы түгел ілесе құрдымға кетеді. Сөйтіп, адам өз іс-әрекетінің дәстүрлі өлшемінен айырылады.

Құдайдың өлімі – адамзаттың бұрынғы ғарыш тәртібіне қатысты идеяға сенбеуі, өмірдің негізгі ұстанымдарымен бетпе-бет қарсы келуін көрсетеді. Ол тек ғарыштағы материалдық дүниеге ғана емес, қайта сол дүниенің діни мағынасына, объективті және жалпылық мағынадағы этикалық ереже-заңдар болады, сол бізді басқарып бақылап-бағалап тұрады дегенге қарсы шығу басталады.

Дегенмен, оның ұстанымы дәстүрлі атеизмге мүлдем сәйкес келмейді. Өйткені атеизм Құдайды жоққа шығарса, ал Ницше жас кезінен бастап Құдайдың бар екендігіне сеніп, мойындады. Мұндағы ұстанымы Құдайды түбегейлі жоққа шығару емес, оны ереуіл, бүлік жасау деп сипаттауға болады. Ол дін өкілдерін «өмір ағашындағы улы өрмекшілерге, «адамзаттың паразиттік типіне» теңейді. Сонымен қатар христиан дінінің қоғам өміріндегі маңызын да жоққа шығармайды. Ницше бойынша шіркеу – адамзат бойындағы ұлылықтың барлығын жоюға ұмтылады. Бірақ шіркеудің мемлекетке қарағанда қайырымды орын екендігін де мойындайды. Мұнда Ницше ойының қосамжарлығын оның протестанттық дін өкілдерінің жанұясында дүниеге келгенімен түсіндіруге болады және христиан дініне оның жақындығы ол үшін өте маңызды саналған, оның үстіне Ницшенің ойынша көптеген христиандар – кемеліне жетпегендер.

Ясперс өзінің «Ницше және христиандық» атты шығармасында шынайы өмір мен қойылатын талап және сол жолға ұмтылу арасындағы алшақтық ғасырлар бойы христиан дінінің қозғаушы күші болып келгендігін атап өтеді.

Ясперстің пайымдауы бойынша, оның христиан дініне деген өшпенділігінің себебі күнделікті өмірдегі христиан дінінің болмысы мен христиандық талап-тілектермен байланысты болып келеді. Бұл ғалымның христиан дінінен алшақтап қана қоймай оны жоғарғы христиандықтың күшімен жеңуге шақыруына алып келді. «Құдай өлді» деп айта отырып, бүгінгі заман болмысына баға береді.

Ницшенің христиан дініне қарсы болуының тағы бір себебі «тән» түсінігімен байланысты. Христиан дінінде тән ең соңғы орындардың бірінде. Бұл діндегі тәнге деген жек көрініс – аскетизм, яғни адамның өз-өзіне бағыттаған және өзгеге бағытталған *ressentiment*. Бұған Иустың крестте қол-аяғын керіп шегеленуін мысал ретінде алуға болады. Ол үшін тән, яғни дене маңызды рөл атқарады. Ницше «адам әлі толық қалыптасып болмаған мақұлық, сондықтан да, оның әлі анықталмаған мүмкіндіктері бар, адамның нақ осы кемшілігі оған берілген үлкен мүмкіндік. Адам ешкім де емес, бірақ ол барлығы да бола алады». Дегенмен Ницше адамның толық қалыптасқан мақұлық болғанын қаламайды. Өйткені ондай жанның еш нәрсесін де өзгерте алмайсың. Керісінше адамның шынайы мәні оның толық қалыптаспауынан, яғни өзінің шегінен шығуға мүмкіндігі болуынан көрінеді.

## Ницшенің бетперделері

Оның философиялық ойлары бірнеше «кезеңнен» өтті. Ерте кезеңде олар рационалды және сыни сипатта болды. Ницше ол кезеңдерді өз ойын дамытып, өзіндік «Менін» айқындау үшін олардан бас тартуға тиіс болған бетперде ретінде түсіндірді. Әр бетпердені айналадағылардың бәрі көрді. Бетперденің астында керек уақытта сыртқа шығатын ақиқат ойларының дамуы жүріп жатты. Соңғы кезеңде өзін-өзі тексергендей болды: өмірді қабылдауға, оның азаптар мен



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 19. Фридрих Ницше: билікке құштарлық

қиналыстарға толы әр сәтіне төтеп беруге жететін күші болды ма, әлде жоқ па – осыны білгісі келді. Оны Асқақ Адам тұжырымдамасына – жоғары санаттағы адамдарға өз мүмкіндіктері мен қабілеттерін дамытуға көмектесуші түсінікке әкелген де осы. «Ақиқаттың өлшемі – билік сезімінің нығаюы». Ой – Ницшенің пікірінше, адамдардың өз мүмкіндіктерін жүзеге асыруына көмектесетін құрал.

## Билікке құштарлық

Оның билікке құштарлық теориясын екі бөлікке бөліп қарастырсақ болады. Біріншіден, Ницше ағын, қозғалыс жағдайында болады, сондықтанда білімнің, ақиқаттың мәні үнемі өзгеріп отырады. Ал бұл өзгерістердің негізін билікке құштарлық құрайды және ғалам осы тәріздес тілектерден тұрады деп пайымдайды. Екіншіден, билікке құштарлық билік етуге деген жеке, іргелі ұмтылыс. Ол үстемдікте және тәуелсіздікте көрініс табады. Билікке деген құштарлық кейде зорлық көрсету мен физикалық басымдық түрінде де көрінуі мүмкін. Дегенмен оны ішімізге қарай бұрсақ, адам өз-өзін басқаруға ұмтылатын болады.

Билікке құштарлық – дүниедегі бүкіл бар нәрсенің және болуға тиістінің бастауы. Әлсіз адамдар, тобыр мүшелері – өмірді танып-білуге қабілетсіз. Олар өздерінің одан әрі қарай да, қаша беруіне мүмкіндік жасайтын моральдық қағидаларды қалыптастырады. Бұдан басқа, мораль оларға билікті өз уыстарынан шығармауға мүмкіндік береді. Олар аяушылық, ынтымақтастық және т.б. идеалдарды ұстанған кезде өз әлсіздіктерін дәріптейді және «ләззатқұмарлық, билікқұмарлық және өзімшілдік» заңдарына сәйкес өмір сүруге қабілетсіз. Олар күштілерде ғана бар. Әлсіз адамдар қатыгездікке батылы барғандардан зардап шегеді. Сондықтан, олар бекзат та күшті адамдарды түрлі тыйымдардың көмегімен бұғаулауға тырысады. Егер әлсіздер өздерін жоғарыда тұрғандардың деңгейіне дейін сүйреуге күші жетпесе, онда олар, ең кем дегенде, соңғыларды өздерімен бірдей деңгейге түсіруі мүмкін. Олардың бойы өшпенділікке – қарапайым пенделердің бекзат адамдарға деген өшпенділігіне толы. Күштілердің қабілеттері қарапайымдардың әлсіздігін ашып көрсетеді, сондықтан олар күштілерді жаншып, масқаралауға ұмтылады. Коммунизм қаупі пайда болғанда, фашизм ұсақ буржуазияның арасында оған деген жеккөріністілікті оятуға барын салды. Ницшенің айтуынша, күшті жан өшпенділікті білмейді. Ол өзінің билікке құштарлығын ашық жариялайды және осы қадамын мақтан тұтады.

Бүкіл құндылықтарды қайта бағалау мен билікке құштарлық міндетті түрде «құндылықтарды қайта бағалауға» әкеледі: қолданыстағы моральдық қағидалар терістеліп, тазартылады және қоғамда құндылықтардың жаңа жүйесі қалыптасады. Әлсіздер өз қулық-сұмдықтары арқылы ғасырлар бойы тыйым салғанның бәрі енді асқақтатылып, ардақталады. Тіпті, біздің әрқайсысымыз «сен жасауға тиіссің» десек, әрбіріміз «мен жасаймын» деуіміз қажет. Ницшенің қаһарманы – өзін басқалардан өз күшінің көмегімен жоғары көтеретін адам. Ол өзінің басымдығы үшін кешірім сұраудан бас тартады; бірақ оны өмірде батыл көрсетеді. Ізгі қасиеттер аусар, қатыгез және қатаң қасиеттерге айналады. Оның ілімінің бұл қырын 1930 жылдардағы фашистік ұйымдар жоғары бағалады.

## Асқақ Адам

Асқақ Адам – жердің мәні. Адам – хайуан мен Асқақ Адамның арасында тартылған арқан. Жалпы алғанда, он тоғызыншы ғасырдың ойшылдары Дарвиннің эволюциялық теориясына күмәнмен қарады, себебі ол адамның ұлылығын төмендетті деп санады. Ницше, керісінше, мұндай дамудың жағымды жақтары да бар деп батыл мәлімдеді. Ол ешқашан адамдардың бір топтарының басқалардан биологиялық тұрғыдан артықшылығы туралы жорамалдаған емес және арий нәсілін мадақтамады да. Асқақ Адам – дүниеде адам өзінен-өзі асып түсуді меңгергенде пайда болады деді. Ол, Ницшенің пікірінше, өмірге мығымдыққа, орасан зор күшке, молшылыққа ие, өзін көрсете алатын және осы қасиеттердің бәрін үйлесімді біріктіре





Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 19. Фридрих Ницше: билікке құштарлық

алатын тұлға. Асқақ Адам өзіне сенімді, сақ, тәртіпті және күшті. Өзіне сүйсіну ғана қолынан келетін тобырдан әлдеқайда асып түседі. Асқақ Адамның осы келбетін сомдауда өз ойларына әдейі әйелді жеккөрушілік астар береді. Оның өз еңбектерін баяндау тілі осындай.

## Ницшенің ықпалы

Ницше ықпалы зор болды, бірақ оның ілімі философтардан гөрі өнер мен әдебиетке қызығушылық танытқан адамдарға көбірек әсер етті. Ол ұлы соғыстар дәуірінің басталуын болжады, бірақ дүниежүзілік соғыстан бұрын қайтыс болып кетті. Оны «күш» культін мадақтаған, жоғары нәсіл мен азаматтық қоғамның барлық саласына килігіп отыратын тәртіпті милитаризмді қолдады деп айыптайды.

## Фашизм

Көп адам Ницшені фашизмге дем берушілердің бірі болды деп есептейді. Шындығында фашизм онсыз-ақ пайда болған шығар.

Десек те фашистік теорияның маңызды идеяларын атап өту қызықты:

- Фашизм ақыл-ойға қайшы еді: жігер мен іс-әрекет әрқашан өздерін өздері ақтап отырады.
- Бағыну – ең жоғары заң – объективті жігер болды.
- Парыз, билік және тәртіп бақыт пен еркіндікті алмастырды.
- Мемлекет маңызды мағынаға ие болды, ол экономикалық жүйені басқарды.
- Мемлекеттік бірлікті нығайту мақсатында барлық экономикалық таптар арасындағы қайшылықтар бәсеңдетілді.
- Адамдардың энергиясын күшейтуге түрткі болатын эмоцияларға шақырды.
- Парламент пен сот жүйесі нақты тәуелсіздікке ие болмады; олардың қызметтерін атқарушы билік иемденді.
- Мемлекеттік ұйымның мінсіз түрі – әскери тәртіп болды.
- Халыққа нағыз көшбасшыны таңдауға және оның соңынан еруге жол ашатын табиғи түйсіктеріне сену тән деп есептелді.
- Орталық саяси принцип – «көшбасшы» болды, оның астында «тұлғалардың өсе түсетін тобы» тұрды.
- «Нәсіл тазалығы» насихатталды.

Бұл тізімде Ницше ешқашан келіспейтін кейбір элементтер бар. Мысалы, ғалымда неміс халқына деген ешқандай жақсы көру сезімі болған емес, ал оның тәртіп пен қатыгездік жайлы түсініктері әлеуметтік топқа емес, жеке тұлғаға ғана қатысты болды. Екінші жағынан алғанда, фашистер Ницше философиясынан өздері армандаған көзқарастардың жаңғырығын көрді. Бұған мысал оларды фашистер Ницшеге тән мағынада емес, өз түсініктері аясында қолданған Асқақ Адам идеясын атауға болады.

## Түйін

Ницшенің ойлары – ол оның көмегімен өзінің қарапайым адам ретінде не нәрсеге қабілетті екенін түсінуге тырысқан құрал. Оның философиясы – адам танымын сынаушы философия емес, адам санасын оятуға бағытталған шабыт, серпін беретін «философия» деп атауға болады. Ницшенің құмартқаны – «басқаша ойлау» еді. Дайын шешімдер шығарып, жүйе қалыптастыруға оның уақыты болған жоқ. Ол ойлаудың жаңа жолдарын ашуға батыл ұмтылып, бұрыннан үстемдік құрып келе жатқан ойлармен байланысын үзді. Оның «ақсүйектік» құндылықтары, жинақтала келгенде, саяси теория емес, жетілмеген этика еді. Ол мемлекетті басқару теориясын ұсынған жоқ. «Ақсүйек» деп атауға болатын адам Ницшені сүйсіндірді. Бірақ оның ақсүйектері



Кітап: Философияның қысқаша тарихы. Сократтан Дерридаға дейін

Тарау: 4. Қазіргі философия

Дәріс: 19. Фридрих Ницше: билікке құштарлық

түкке жарамайтын құр көбеюші топ емес, қабілеттерге, жігер мен іс-әрекеттерге ие ақсүйек еді. Оларда аяушылық, мейірімділік пен үрейден гөрі жігер күші, батылдық және билікқұмарлық көбірек болды.

Маркс жеке адамдардың қалаулары мен әрекеттерін топтың, пролетариаттың мүдделеріне бағындырған философ болса, Ницше күшті тұлғаның қалауларын қолдау үшін топтың түсініктерін екінші қатарға ығыстырған философ еді. Моралистердің көбі аяушылықты жақтап, азап шегуді айыптайды және дүниенің жақсарғанын қалайды. Ол болса, аяушылықты айыптап, азап шегуді асқақтатты және өзгелердің үстінен билік жүргізетін адамдарға сүйсіне қарады. Оның философиясын бағалай отырып, ол таза рационалды құрылым болмағандықтан, таза рационалдық жауап жоқ екенін айта аламыз. Біз ұстана алатындай ешқандай объективті құндылықтар жүйесі, ізгілік пен зұлымдық туралы объективті жүйе жоқ. Будда, Иса немесе Мұхаммед сияқты адамгершіліктің ұлы ұстаздарының өсиеттерін ұстануға болады немесе Ницше философиясы туралы өз эмоцияларымызбен кеңесіп: «Азап шегуді жақсы көрмеймін, адамдарда аяушылық болғанын қалаймын, басқалардың үстінен билік жүргізуден бас тартамын. Демек, оны сүймеймін!» – деуге де болады. Алайда мұның бәрі – оның идеяларын рационалды теріске шығару емес, тек жеке қалаулар ғана. Соңында біз мына сұраққа жауап беруге тиіспіз: Ницшенің ұстанымының қандай оң сипаттары бар? – деп түйіндейді өз ойын Джонстон.

## Қорытынды

Маркс революциялық бұқараның көшбасшысы болса, Ницше дүниеге асқақ, тәуелсіз «жаңа адамның» келгенін жариялаған ойшыл еді. Оның пікірінше, мұндай адам билікке ұмтылып, барлық құндылықтарды қайта саралауы және Асқақ Адам болуы тиіс. Ол өзінің дүниедегі жалғыздық күйін қабылдап, оған сай өзіндік өмір салтын және құндылықтарын қалыптастыруы тиіс; өзінің және өзгелердің әлсіздігін жек көріп, шектеулер мен тыйымдарды жеңуі қажет. Ницшенің философиясы – жеке, оқшауланған тұлғаның дербес философиясы.